

Біріккен Ұлттар Ұйымының Азия мен Тынық мұхитқа арналған Экономикалық және әлеуметтік комиссиясының 63-сессиясын дайындау және өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2007 жылғы 3 сәуірдегі N 78-ө Өкімі

2007 жылғы 15-23 мамыр кезеңінде Алматы қаласында Біріккен Ұлттар Ұйымының Азия мен Тынық мұхитқа арналған Экономикалық және әлеуметтік комиссиясының 63-сессиясын (бұдан әрі - БҰҰ АТМЭӘК-тің 63-сессиясы) дайындау мен өткізуді тиімді ұйымдастыруды қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қоса беріліп отырған БҰҰ АТМЭӘК-тің 63-сессиясын дайындау және өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының орталық, атқарушы және өзге де мемлекеттік органдары, Алматы қаласының әкімдігі, сондай-ақ мүдделі ұйымдар Жоспарда көзделген іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз етсін.

3. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі А.Е.Мусинге жүктелсін.

Премьер-Министр

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2007 жылғы»3 сәуірдегі

N 78-өкімімен бекітілген

**2007 жылғы 15 - 23 мамырда Алматы қаласында
Біріккен Ұлттар Ұйымның Азия мен Тынық мұхитқа
арналған Экономикалық және Әлеуметтік комиссиясының
63-сессиясын дайындау және өткізу жөніндегі
іс-шаралар жоспары**

Р/с N №	Іс-шаралар	Орындау мерзімі	Жауапты орындаушы
1	2	3	4
1.	"Анкара-Интерконтиненталь" қонақ үйінде БҰҰ АТМЭӘК-тің Хатшылығы, Ұйымдастыру комитетінің штабтары, Президенттің Күзет қызметі және күш құрылымдары үшін залдар мен үй-жайларды жалдауға арналған шығыстарды нақтылау және қаражат бөлу	15 наурыз - 20 сәуір	СІМ, ҚРП ІБ (келісім бойынша), Қаржымині, ЭБЖМ

2.	БҰҰ АТМЭӘК сессиясына қатысушылар үшін ақпараттық бейне материалдар, буклеттер дайындау	15 наурыз - 15 сәуір	СІМ
3.	Бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерін тіркеуді жүргізуді қамтамасыз ету, баспасөз орталығын жабдықтау, мониторлар, орнату, аудио және бейне хабар беру, залда теле-радио компанияларының операторларын пулдар бойынша орналастыру	20 наурыз - 5 мамыр	ҚРП БҚ (келісім бойынша), Мәдениетмині, «Самұрық» АҚ, "Қазақтелеком" АҚ, ҚБК (келісім бойынша), СІМ
4.	Қазақстан Республикасы өкілдерінің сөздерін дайындау және олардың БҰҰ АТМЭӘК сессиясы комитеттері жұмысына төрағалар ретінде қатысуы <u>бірінші комитет</u> мынадай тақырып бойынша: АТМЭӘК реформасы, басқарудың жалпы проблемалары <u>екінші комитет</u> мынадай тақырып бойынша: әлеуметтік мәселелер, кедейлікті азайту, теңізге шығатын жолы жоқ елдер, мейлінше төмен дамыған елдер <u>үшінші комитет</u> мынадай тақырып бойынша: жаһандану үдерісін реттеу "Азия мен Тынық мұхиттың мыңжылдық даму мақсаттарына қол жеткізу үшін экономикалық деңгейді жоғарылату тұрғысындағы сауықтыру жүйелерін дамыту" тақырыбы бойынша министрлердің "дөңгелек үстелі"	1 сәуір - 1 мамыр	СІМ Еңбекмині, ККМ ИСМ ДСМ, ЭБЖМ
5.	Қазақстан Республикасының Үкіметіне Қазақстан Республикасы ресми делегациясының құрамы жөнінде ұсыныстар енгізу	5 сәуір	СІМ
6.	БҰҰ АТМЭӘК сессиясының ашылу салтанатында және ресми делегациялар басшыларының құрметіне қабыл-	5 сәуір - 1 мамыр	

дауда Қазақстан Респуб-
ликасы Президентінің
сөйлейтін сөзінің жобасын
дайындау

ҚРП БҚ (келісім

			бойынша), ПӘ ССО (келісім бойынша), СІМ
7.	Сұхбаттарға тезистер, БҰҰ АТМЭӘК-қа мүше елдермен ынтымақтастық және кездесу белгіленген делегациялар басшыларының өмірбаяндық деректері туралы анықта- малық-талдау материалдарын дайындау	10 сәуір - 1 мамыр	ҚР ПӘ ССО (келісім бойынша), СІМ және Қ а з а қ с т а н Республикасының басқа да мүдделі министрліктері мен ведомствалары
8.	Сессияға келетін делега- циялар құрамын келісу (ресми делегация және бірге жүретін тұлғалар). Сессияға қатысушылардың келу және кету кестесін жасау	10 сәуір - 10 мамыр	СІМ
9.	Азия-Тынық мұхиттық бизнес форумын дайындау және өткізу (қазақстандық бизнесмендерді шақыру, даму және ынтымақтастық тақырыптарына сөз сөйлеу, пікірталастарға қатысу, бизнесмендерге арналған жеке мәдени бағдарлама, Қазақстандық экономиканың жетістіктерімен танысу, форумға қатысушылар үшін жеке фуршет өткізу)	10 сәуір - 10 мамыр	ИСМ, ККМ, "Самұрық" АҚ, "Қазына" АҚ, ҚР СӨП, "Атамекен" КЖО
10.	Абай атындағы Мемлекеттік академиялық опера және балет театрында салтанатты концерт ұйымдастыру	10 сәуір - 10 мамыр	Алматы қаласының әкімдігі, Мәдениетмині, СІМ
11.	Шетелдік делегацияларға бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының қызметкер- лерін, БҰҰ АТМЭӘК Хатшылығы, Ұйымдастыру комитеті мен штабтар қызметкерлерін байланыс- пен (рация, ұялы телефон- дар) қамтамасыз ету	10 сәуір - 10 мамыр	АБА, "Самұрық" АҚ, "Қазақтелеком" АҚ
12.	Бизнес форумға қатысушы- лар үшін кешкі қонақасын дайындау және өткізу	10 сәуір - 10 мамыр	Алматы қаласының әкімдігі, "Самұрық" АҚ, "Қазына" АҚ, "Атамекен" КЖО, ҚР СӨП
13.			

	Бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерімен БҰҰ АТМЭӘК сессиясының жұмысын бұқаралық ақпарат құралдарында жария ету жұмысын ұйымдастыру	10 сәуір - 10 мамыр	ҚРП БҚ (келісім бойынша), Мәдениетмині, СІМ
14.	Арнайы ұшақтардың Қазақстан Республикасының аумағы үстінен ұшып өтуіне келісім беру, олардың тұрағын, оларға қызмет көрсетуді, жанармай құюды қамтамасыз ету	13 сәуір - 24 мамыр	ККМ, Қорғанысмині, ҰҚК
15.	Мейлінше нашар дамыған елдер мен теңізге шығатын жолы жоқ елдер бойынша арнайы сессия өткізуді қамтамасыз ету: қатысушыларға көліктік қызмет көрсету; қазақстандық өкілдің сөз сөйлеуі; Арнайы сессияға қатысушылар үшін қабылдау ұйымдастыру; АТМЭӘК-тің құрылғанына 60 жыл толуына арналған арнайы марка шығару; Қазақстан Республикасының транзиттік-көліктік әлеуеті туралы брошюралар тарату	15 сәуір - 5 мамыр	ККМ, СІМ, АБА "Қазпочта" АҚ
16.	Ресми делегациялардың басшылары мен мүшелеріне және қонақтарға сыйлық жиынтықтарын дайындау	15 сәуірге дейін	ҚРП ІБ (келісім бойынша), СІМ, ҚР ПП (келісім бойынша)
17.	Баспа өнімдерін дайындау (бағдарламалар, шақырулар, ас мәзірі және т.б.)	15 сәуір - 5 мамыр	ҚРП ІБ (келісім бойынша), ҚРПП (келісім бойынша), СІМ, Алматы қаласының әкімдігі
18.	БҰҰ АТМЭӘК-тің 63-сессиясын өткізу бағдарламасын дайындау	15 сәуір	ҚРПП (келісім бойынша), СІМ
19.	Сессия қонақтарына және қатысушыларына визалық қолдауды қамтамасыз ету	15 сәуір - 13 мамыр	СІМ
20.	БҰҰ АТМЭӘК сессиясын дайындау, өткізу барысын және қорытындыларын		Мәдениетмині

	бұқаралық ақпарат құралдарында жария етуді қамтамасыз ету	15 сәуір - 15 мамыр	
21.	Ресми делегацияларға мемлекеттік органдарды бекіту	20 сәуір	СІМ
22.	Делегация басшылары мен бірге жүретін тұлғалар үшін Қазақстан Республикасының басшылығы атынан ресми қабылдау ұйымдастыру	20 сәуір - 5 мамыр	ҚРП ІБ (келісім бойынша), Алматы қаласының әкімдігі, Мәдениетмині, СІМ
23.	Ресми делегациялар үшін Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі БҰҰ АТМЭӘК-тің 63-сессиясының төрағасы атынан ресми қабылдау ұйымдастыру	20 сәуір - 5 мамыр	СІМ, Алматы қаласының әкімдігі, Мәдениетмині
24.	Сессияны өткізу үшін техникалық қамтамасыз ету және үй-жайларды безендіру	20 сәуір - 10 мамыр	СІМ, ҚРП ІБ (келісім бойынша) " Самұрық" АҚ, "Қазақтелеком" АҚ, Алматы қаласының әкімдігі
25.	Делегация басшылары мен делегация мүшелеріне қонақ үйлерді ("Анкара-Интерконтиненталь", "Хайят-Риджен-си" және т.б.) және Алматы қаласының қонақ күту резиденцияларын брондау және оларға орналастыруды ұйымдастыру	20 сәуір - 10 мамыр	ҚРП ІБ (келісім бойынша), Алматы қаласының әкімдігі, СІМ
26.	Ресми делегациялардың мүшелерін және бірге жүретін тұлғаларды тамақтандыруды ұйымдастыру	20 сәуір - 10 мамыр	ҚРП ІБ (келісім бойынша), Алматы қаласының әкімдігі, СІМ
27.	Қазақстан Республикасы Президентінің, Премьер-Министрінің және Сыртқы істер министрінің екі жақты кездесулерін ұйымдастыру (Қазақстан Республикасы Президентінің Алматы қаласындағы резиденциясы, "Анкара-Интерконтиненталь" қонақ үйі)	20 сәуір - 10 мамыр	ҚРПП (келісім бойынша) ҚР ПМ ПҚ, СІМ
28.	Сессияға қатысушыларға (делегация басшыларының жұбайлары үшін жеке жоспар бойынша) арналған мәдени бағдарлама және экскурсиялар ұйымдастыру	20 сәуір - 23 мамыр	Алматы қаласының әкімдігі, ТСМ, СІМ
29.			Алматы қаласының әкімдігі

	Делегацияның жол жүру бағыттары бойынша Алматы қаласының әуежайын, тұратын және БҰҰ АТМЭӘК-тің сессиясы өткізілетін орындарды сессияға қатысушы елдердің мемлекеттік туларымен, қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі құттықтау транспаранттарымен және билл-бордтармен безендіру	25 сәуір - 10 мамыр	
30.	БҰҰ АТМЭӘК Хатшылығы және сессияны өткізу жөніндегі ұйымдастыру штабы үшін офистік үй-жайлар дайындау	8 мамыр	СІМ
31.	Ресми делегацияларды, бірге жүретін тұлғаларды және сессияның қонақтарын Алматы қаласының әуежайында күтіп алуды және шығарып салуды ұйымдастыру, сондай-ақ VIP-зал қызметтерін қамтамасыз ету (жеке кесте бойынша)	13-24 мамыр	СІМ, ҚРП ІБ (келісім бойынша), Алматы қаласының әкімдігі
32.	Сессия делегациялары мен қонақтарына көліктік қызмет көрсету	13-24 мамыр	ҚРП ІБ (келісім бойынша), Алматы қаласының әкімдігі, СІМ
33.	Әуежайда, жол жүру бағыты бойынша, тұратын және баратын орындарда (бағдарлама бойынша) қорғалынатын тұлғалар мен делегациялардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету	13-24 мамыр	ҚРП КҚ (келісім бойынша), ҰҚК, ПМ
34.	Ресми делегациялардың мүшелеріне және бірге жүретін тұлғаларға медициналық қызмет көрсету	13-24 мамыр	ҚРП ІБ (келісім бойынша), Алматы қаласының әкімдігі
35.	Бейне-фото түсірілімдерін қамтамасыз ету және оларды CD-ROM-ға орналастыру, жалпы суретке түсіру (делегациялар басшыларына фото дайындау және беру)	13-23 мамыр	СІМ
36.	БҰҰ АТМЭӘК сессиясының қорытындылары бойынша баспасөз конференциясын өткізу	23 мамыр	ҚРП БҚ (келісім бойынша), СІМ, Мәдениетмині
37.	Сессия қорытындылары бойынша Қазақстан		СІМ

Республикасының есеп беру	Үкіметіне	31 мамыр	
------------------------------	-----------	----------	--

Ескерту:

- ҚРПП - Қазақстан Республикасы Президентінің Протоколы
- ҚРП БҚ - Қазақстан Республикасы Президентінің Баспасөз қызметі
- ПӘ ССО - Қазақстан Республикасы Президент Әкімшілігінің Сыртқы саясат орталығы
- ҚРП КҚ - Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі
- ҚРП ІБ - Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы
- ҚР ПМ ПҚ - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Протокол қызметі
- ҰҚК - Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті
- ПМ - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі
- ДСМ - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі
- СІМ - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі
- ИСМ - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі
- Мәдениетмині - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі
- Қорғанысмині - Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі
- ККМ - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі
- Еңбекмині - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі
- ТСМ - Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі
- Қаржымині - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі
- ЭБЖМ - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі
- АБА - Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі
- "Самұрық" АҚ - "Самұрық" мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі" акционерлік қоғамы

"Қазақтелеком" - "Қазақтелеком" акционерлік қоғамы
А Қ
ҚБК - Қазақстандық баспасөз клубы
"Қазына" АҚ - "Қазына" орнықты даму қоры" акционерлік қоғамы
ҚР СӨП - Қазақстан Республикасы Сауда-өнеркәсіп палатасы
"Атамекен" КЖБО - "Атамекен" Қазақстан кәсіпкерлері мен жұмыс
берушілерінің жалпыұлттық одағы
"Қазпочта" АҚ - "Қазпочта" акционерлік қоғамы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК